

**Азия және Тынық мұхит аймағында (Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан) ғарыш ғылымы және технологиялары жөніндегі білім орталығын құру жөніндегі келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 31 қаңтар N 116

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 1 қарашада Нью-Дели қаласында жасалған Азия және Тынық мұхит аймағында (Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан) ғарыш ғылымы және технологиялары жөніндегі білім орталығын құру жөніндегі келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Азия және Тынық мұхит аймағында (Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан) ғарыш ғылымы және технологиялары жөніндегі білім орталығын құру жөніндегі Келісім**

Уағдаласушы тараптар

(I) Біріккен Ұлттар Ұйымы Ғарыш кеңістігі мәселелері жөніндегі басқармасының (БҰҰ ҒКМБ) ғарышты пайдалану жөніндегі сарапшысының қатысуымен;

(II) Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясы өзінің 1982 жылғы 10 желтоқсандағы 37/90 қарарында (UNISPASE 82) БҰҰ-ның ғарыштық техникаларды қолдану жөніндегі Бағдарламасы назарының фокусын басқа бағыттармен қатар жергілікті мүмкіндіктерді локалды деңгейде дамытуға аударуға тиіс екендігі жөніндегі 1982 жылы Венада өткен Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу және пайдалану жөніндегі БҰҰ Екінші конференциясының ұсынымын мақұлдағанын ЕСКЕ САЛА ОТЫРЫП;

(III) Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясы (БҰҰ БА) өзінің 1990 жылғы 11 желтоқсандағы 445/72 қарарында Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі комитеттің "БҰҰ өзінің арнайы мамандандырылған мекемелермен өзге де халықаралық ұйымдардың белсенді қолдауымен дамушы елдердегі бар ұлттық аймақтық білім беру мекемелерінде ғарыш ғылымы және технологиялары бойынша аймақтық білім орталықтарын құрудағы халықаралық күш-жігер жұмсауды басқаруы керек" деген ұсынымын мақұлдағанын ЕСКЕ САЛА ОТЫРЫП;

(IV) БҰҰ БА 1991 жылғы 9 желтоқсандағы 46/45 1992 жылғы 14 желтоқсандағы 47/67, 1993 жылғы 10 желтоқсандағы 48/39 қарарларын АТАЙ ОТЫРЫП;

(V) 1994 жылғы 23-24 қыркүйекте Пекинде өткен Азия және Тынық мұхиты аймағындағы дамуға қатысты ғарышты технологияны пайдалану Министрлік Конференциясының іс-шаралар Жоспары осы аймақта ашу жобаланған ғарыш ғылымы

және технологиялары жөнінде БҰҰ-ның ұсынған білім орталығымен байланысты ( Экономикалық және Әлеуметтік Комиссиясы Азия және Тынық мұхит (ЭСКАТО) үшін космостық технология жөніндегі БҰҰ аймақтық ғарышты пайдалану жөніндегі бағдарламасы арқылы) дамытуды қолдайтындығын ТАҒЫ ДА РАСТАЙ ОТЫРЫП;

(VI) Ғарыштық істер жөніндегі басқарма жариялаған осындай Орталықты Азия және Тынық мұхиты аймағы үшін құру жөніндегі Бағалау Комиссиясының қорытынды баяндамасын және Үндістанның осы Орталықты ұйымдастырушы ел ретінде таңдап алынғаны туралы келесі 1994 жылғы қарашада жарияланған мәлімдемені одан әрі  
А Т А Й О Т Ы Р Ы П ;

(VII) Осы Келісім арқылы Азия Тынық мұхит аймағы үшін Ғарыш ғылымы және технологиялары жөніндегі Аймақтық Білім Орталығын құруға ҰМТЫЛА ОТЫРЫП;  
төмендегілер туралы КЕЛІСТІ:

### **I бап: ОРТАЛЫҚТЫ ҚҰРУ**

1. Азия және Тынық мұхиты елдері үшін Ғарыш ғылымы және технологиялары бойынша Аймақтық білім Орталығы (бұдан әрі - Орталық) Үндістанда құрылады және аймақтың ресурстары мен мүмкіншіліктерін толық пайдалану үшін белгіленген тәртіппен және Басқару Кеңесі қолдауымен (IV бапта анықталған) тораптық орталықтар жүйесіне айналады. Орталықтың қызметі мен бағдарламалары, ең алдымен Азия және Тынық мұхиты аймағының барлық елдерінің пайдасына бағытталған.

2. Азия және Тынық мұхит аймағын анықтау БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясы қабылдаған және БҰҰ БА әртүрлі қарарларының нәтижесінде қайта қаралған.

### **II бап: ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ**

1. Орталық алғашында қашықтықтан зондылау, жер серіктік байланыстарға, жер серіктік метрологияға және атмосфера туралы ғылымда көңіл аударатын бейбіт мақсаттар шеңберіндегі тереңдетілген оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын болады. Соның ішінде, Орталықтың мақсаттары мыналар болып табылады:

(a) қоршаған ортаны зерттеу саласындағы университеттер оқытушыларының, ғалымдарының және қашықтықтан зондылауды және тиісті технологияларды жобалау, әзірлеу және қолдану жөніндегі инженерлік персоналдардың дағдылары мен білімдерін ұлттық және аймақтық дамытуда, қоршаған ортаны басқару жөніндегі бағдарламаларда , оның ішінде био-көптүрлілікті қорғауды дамыту;

(b) оқытушыларға өздерінің институттарындағы/елдеріндегі студенттердің білімін арттыруға олардың пайдалана алатын қоршаған орта және атмосфера туралы ғылымы жөніндегі оқу курстарын әзірлеуге көмек;

(c) ауылды дамытуға, сырттай оқуға, денсаулық сақтау бойынша қызмет көрсетуге, апаттарды жұмсартуға, әуе және теңіз навигациясымен және аймақтың, мемлекеттік мекемелердің және өнеркәсіп салаларының мамандары мен ғалымдары жүйесіне/ байланысына қатыстыларды қоса алғанда, жер серігі саласындағы дағдыларды дамыту

жаңа идеялармен, мәліметтермен және білімдерімен алмасуға әрекет ету;  
(d) ғарышпен байланысты ақпараттарды ұлттық және аймақтық даму бағдарламаларына жауапты саясаткерлер мен басшы адамдарға беруге зерттеуші және қолданушы ғалымдардың дайындауда көмек көрсету;

(e) Азия Тынық мұхит аймағындағы экологиялық қауіпсіздігімен тұрақты даму үшін ғарыштық технологияны пайдалану Пекин декларациясында қабылдаған Стратегия және Іс-әрекет Жоспарында көзделгендей ғарыштық ғылым, технологиялық және қолданбалы бағдарламалар бойынша аймақтық және халықаралық ын т ы м а қ т а с т ы қ т ы кү ш е й т у ;

(f) халықтың арасында ғарыш ғылымы мен технологиясының, олардың күнделікті өмірінің сапасы жақсартудағы мәнін түсінуі таратуда көмек көрсету;

(g) аймақтың ғылыми жолмен дамуын күшейтетін өзге де қатысы бар белсенділіктерді қолдау.

### **III бап: ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

1. Орталық құрылымы мынандай болады:

(a) Басқару Кеңесі;

(b) Консультативтік комитет;

(c) Орталықтың Директоры және басқа персоналдары;

(d) Кампус және Орталықтың филиалы.

### **IV бап: БАСҚАРУ КЕҢЕСІ**

1. Басқару Кеңесі (БК) орталықтың негізгі шешім шығарушы органы болып табылады. БК құрамына әрбір Уағдаласушы Тараптардың бір өкілі кіреді. БК әрбір мүшесі БК мәжілістерінде бір дауысқа ие болады. Орталықпен Келісім жасаған кез келген басқа ел, халықаралық ұйым немесе қаржыландырушы орган осы Келісімнің VIII бабында көзделгендей БК кездесулеріне бақылаушы ретінде шақырылатын болады.

2. БК жылына кемінде бір рет Үндістанда немесе аймақтың қандай да бір БК белгілейтін елінде мәжіліс өткізеді. БК мүшелерінің ең кемінде жартысының қатысуы БК мәжілісі үшін кворум болып табылады.

3. БК Орталықтың саясатын анықтайтын, ұзақ мерзімді жоспарларды, жыл сайынғы бағдарламаларды және ұсынылған бюджеттерді бекітетін болады. Ол, сондай-ақ, қаржы саясатын және рәсімдеулерін бекітетін болады және өз рәсімдеулері мен нормаларын және Орталықтың қызметінің атқарылуын бағалайтын болады.

4. БК Консультативтік Комитеттің құрамын және функциясын анықтайтын болады.

5. БК Орталықтың директоры мен директордың орынбасарын тағайындайды, БК әрбір мүшесі ол лауазымға өзінің кандидатын ұсына алады. БК директор мен директордың орынбасарының міндеті мен функциясын анықтайтын болады.

6. БК өзінің төрағасын екі жыл мерзімге сайлайды. Бұл мерзім тағы бір екі жылдық кезеңге бір-ақ рет ұзартылады. Төраға консенсус жолымен сайланады. БК бірінші

Төрағасы қабылдаушы елден сайланатын болады.

7. Директор мен директордың орынбасары БК барлық мәжілісіне қатысады. Бұл мәжілісте директор мен директордың орынбасары төрағаның келісімімен кез келген уақытта ауызша немесе жазбаша өтініш жасай алады.

8. БК басқа мемлекеттерді, ұйымдарды және сарапшыларды Орталықтың қызметіне өзі белгілеген шарт жағдайында қатысуға шақыра алады.

9. Орталықтың директоры БК хатшысы болып табылады.

#### **V бап: КОНСУЛЬТАТИВТІК КОМИТЕТ**

1. Консультативтік Комитет (КК) Үкіметтік өнеркәсіптік және академиялық және ғылыми топтардың көрнекті қайраткерлерінен құралатын болады. КК мүшелері БК сайлайды және БК белгілеген кезеңде қызмет ететін болады. КК-ның функцияларын БК белгілейтін болады.

2. КК қажеттілігіне қарай жиі кездесетін болады және оның мәжілістері Үндістанда немесе аймақтың БК белгілейтін бір елінде өтетін болады.

#### **VI бап: ОРТАЛЫҚТЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ПЕРСОНАЛЫ**

1. Орталықты, оның бағдарламасын тұтастай жүргізетін директор басқарады. Орталықты күнделікті басқаруда оған директордың орынбасары көмектесетін болады. Директор мен директордың орынбасары Үндістанда орналастырылады.

2. Директор мен директордың орынбасары үш жылға тағайындалатын болады және БК солай шешсе, қосымша екі жылдық мерзімге қайта тағайындала алады.

3. Директор мен директордың орынбасары әр түрлі елден болуы керек.

#### **VII бап: ОРТАЛЫҚТЫҢ КАМПУСЫ ЖӘНЕ ФИЛИАЛДАРЫ**

1. Орталықтың кампусы Декрадун қаласында (Үндістан), Декрадундағы үнділік қашықтықтан зондылау институты бар инфрақұрылымның маңында орналасады.

2. Өзінің бағдарламаларын орындау үшін Орталық жер серіктік байланысқа және жер серігінің метеорологияға қатысты бағдарламалары бойынша қабылдаушы мекеме ретінде болатын Ахмедабад қаласындағы Ғарышты пайдалану орталығын және ғарыштық ғылымдар бойынша Ахмедабадтағы Физикалық зерттеулер лабораториясымен келісім жасаса алады.

3. Бағдарламалардың дамуына қарай аймақтың мекемелерін қамтитын қосымша қосылған мекемелер Орталықтың жетекшілігімен және КБ басқаруымен әзірленеді.

#### **VIII бап: ҮКІМЕТТЕРМЕН, ҰЙЫМДАРМЕН ЖӘНЕ ИНСТИТУТТАРМЕН ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ**

1. Аймақтың мемлекеттері және ұйымдары, сондай-ақ басқа мүдделі елдер Орталықтың жұмысына қатысуды және қолдауды Орталықпен келісілген жағдайда жүргізе алады. Сонымен қатар, олар Орталық мақсатының орындалуына жәрдемдесу үшін оқыту және зерттеу бойынша мамандар беріп, сондай ақ қаржы және басқа да с а л ы м д а р б е р е а л а д ы .

2. Орталық БҰҰ және әсіресе Ғарыш кеңістігі істері басқармасымен және БҰҰ Азия

және Тынық мұхит аймағы елдерінің әлеуметтік экономикалық мәселелері жөніндегі комитетімен тығыз қызметтік өзара қатынас орната алады. Ол сонымен қатар БҰҰ-нан және басқа ұйымдарынан сараптық кеңес, техникалық қолдау құжаттармен және басқа сәйкес көмек қамтамасыз етуде көмек сұрай алады. Орталықтың бұл ұйымдармен ынтымақтастығы Орталық пен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы Келісіммен белгіленеді.

#### **IX бап: ҚАБЫЛДАУШЫ ЕЛМЕН КЕЛІСІМ**

1. Үндістандағы Орталық заңды тұлға болып табылады және сонымен қатар, шарттар жасасуға, жылжымалы және заңды жылжымайтын мүлікті сатып алуға, иелік етуге және заңды жұмыстарды жүргізуге құқылы. Ол өзінің функциялары мен мақсаттарын орындау үшін қажетті жеңілдіктер мен иммунитеттерге ие болады.

2. Орталықтың жиналысына және Орталықпен байланысты басқа шараларға қатысушы оның Директоры, Директордың орынбасары, персоналы және филиалдары, сондай-ақ онымен жұмыс істейтін немесе қатынас жасаушы тұлғалар, БК мүшелері және КК мүшелері Орталықтың функциялары үшін қажетті жеңілдіктер мен иммунитеттерге ие болады және бұл жеңілдіктер басқа халықаралық ұйымдарға, әсіресе БҰҰ-на берілетін жеңілдіктер мен иммунитеттерге теңестіріледі.

3. Орталық Үндістан Үкіметімен, "қабылдаушы елмен" осы баптың (1) және (2)-тармақтарында көрсетілген мәселелерді қамтитын қажетті келісімдер жасайды. Орталық, сондай-ақ, алдағы уақытта Орталықтың негізгі мекемелері құрылатын елдердің Үкіметтерімен осындай келісімдерді жасайды.

4. Үндістанның Үкіметі осы Келісімнің VII бабында аталған инфрақұрылым бойынша Орталықтың қызметіне үй-жай береді.

5. Үндістанның Үкіметі Орталық қызметі үшін қажетті қауіпсіздік және басқа қолдаушы персоналмен қамтамасыз етеді және тиісті институттарға, оның ішінде Дехрадундегі үндістандық қашықтықтық зондылау институтына, Ахмедабадтағы Ғарыштық қолданыстар орталығына және Физикалық зерттеулер лабораториясына еруге әрекеттестік етеді.

#### **X бап: ОРТАЛЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

БК Орталықтың қызметі үшін бюджеттік қажеттілікті және қаржымен қолдау көздерін анықтайтын болады. Бұл қаржыландыру көздері басқаларға қоса былайша болады:

- a) Қабылдаушы елдің қаржыландыруы мен қолдауы
- b) Орталыққа қатысушы-елдердің ерікті салымдары
- c) Басқа елдердің ерікті салымдары

d) Көп жақты ведомствалардың ерікті салымдары.

#### **XI бап: ҚАБЫЛДАНАТЫН ЗАҢ**

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Келісімде көзделген қызметті оның қолданылатын заңдары мен нормаларын сақтай отырып жүргізетін болады.



## **XII бап: ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Келісім қол қойылған күннен бастап шартты түрде және алғашқы сигнаторлар қабылдаушы елді оның күшіне енуі үшін қажетті рәсімдеулердің аяқталғаны туралы соңғы хабарламасын алғаннан соң (30) күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптар арасындағы жазбаша келісімі арқылы түрі өзгертілуі немесе оған өзгертулер мен түзетулер енгізілуі.

3. Осы Келісімді түсіндіруде немесе іске асыруда Уағдаласушы Тараптар арасында дау-дамай БК қабылдаған рәсімдердің ережесіне негізделіп шешілетін болады.

4. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін төрт жылдан соң БК осы Келісімнің қалай іске асырылғандығын қарап, баға береді.

5. Бұл Келісім күшіне енгеннен кейін БҰҰ Жарғысының 102-бабына және Шаржар туралы Заң жөніндегі 1969 жылғы Вена Конвенциясының 80-бабындағы 1-бағанның ережелеріне сәйкес іс-әрекет ету үшін ашық болады.

6. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін кез келген уақытта оның Тарапы бола алатын Азия және Тынық мұхит аймағындағы кез келген БҰҰ-на мүше мемлекет үшін ашық болады.

## **XIII бап: ҚАЙТА ШАҚЫРУ**

1. Уағдаласушы Тарап Депозитор (Келісім сеніп тапсырылған тұлға) ретінде болатын Үндістан Үкіметіне жазбаша хабарлама жіберіп, Келісімді кез-келген уақытта қайта шақырып ала алады. Қайта шақыру Депозитор қайта шақыру туралы хабарлауды алғаннан кейін алпыс күннен соң күшіне енеді.

## **XIV бап: ТҮПНҰСҚАЛЫҚ МӘТІН ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН КӨШІРМЕЛЕР**

1. Осы Келісім оның куәландырған көшірмелерін аймақтың барлық мемлекеттеріне беретін Депозиторда сақталатын болады.

Үндістанда, Нью-Делиде 1995 жылғы 1 қарашада ағылшын тілінде жасалды.

Қ А З А Қ С Т А Н      Ү к і м е т і      ү ш і н  
елші      Р.П.Ибраев      \_\_\_\_\_

(ҚОЛЫ)

Азия және Тынық мұхит аймағында Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан ғарыш ғылымы және технологиялары жөніндегі оқу орталығын құру туралы осы келісімнің қазақша мәтіні аталған келісімнің ағылшын тіліндегі нұсқасына сәйкес келеді.

ҚР Сыртқы істер министрлігі Аппаратының  
Құжаттарды мемлекеттік тілде қалыптастыру

бөлімінің бастығы